

**8D081 – «Өсімдік шаруашылығы» және 8D083 – «Орман шаруашылығы» бағыттарының 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Курбанбаев Алмас Измураатовичтың «Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жоғары сапалы мал азығын алу үшін біржылдық мал азықтық дақылдардың өсіру технологиясының элементтерін жетілдіру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына**

**Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекітукүніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Еліміздің ауыл шаруашылығының маңызды саласының бірі деп мал шаруашылығын атауға болады. Ол жалпы халық шаруашылығының басқа салаларының дамуына елеулі әсер ететіні белгілі. Қоғамның материалдық қажеттілігін қамтамасыз ету мал шаруашылығының даму деңгейіне байланысты. Мал шаруашылығын өркендетуде азық қорын дамытудың және азықтандыруды ғылыми тұрғыдан ұйымдастырып жүгізу өте маңызды. Диссертация тақырыбы мал азығы өндірісі бойынша ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (Агрономия)	Зерттеу тақырыбының мемлекеттік бағдарламалармен байланысына келетін ҚР БЖҒМ-нің ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобалар көрсетілмеген. Ізденушінің зерттеулері жеке өзіндік жобамен атқарылғаны көрсетілген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеулердің тәжірибелік маңызы Мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарда жетілдірілген өсіру технологиясының элементтерін қолдана отырып, біржылдық



			дақылдарды және олардың қоспаларын өсіру арқылы қоректік құндылығы бойынша оңтайлы әр түрлі мал азығы түрлерін (көк балауса, пішен, түйіршіктелген мал азығы) алуға және олармен малдарды азықтандыруға мүмкіндік туады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Курбанбаев Алмас Измуратович диссертациялық жұмысын жоғары деңгейде жазған. Жұмыста ізденіс бағдарламасы, әдістемелері даярланып, егістік және зертханалық бақылаулармен есептеулер жүргізілген. Диссертацияның негізгі қағидаттары құрастырылып, мақалалар, қорытындылар және өндіріске ұсыныстар енгізілген. Өзі жазу принципі – диссертацияны докторанттың өзі жазуын және диссертация авторының ғылымға, техника мен технологиялардың дамуына қосқан жеке үлесі айқын байқалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі айқын негізделген. Орындалған жұмыстың сапасы, ғылыми нәтижелері, жасалған тұжырымдары мен өндіріске ұсыныстары докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сай және қазіргі мал азығы өндірісінде өзекті мәселелердің нақтылы шешімі болып табылады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланысты; ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <b>айқындайды;</b> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <b>сәйкес келеді;</b> 2) жартылай сәйкес келеді;	Зерттеулердің мақсаты мен міндеттері диссертацияның мазмұнына толықтай сәйкес келеді.



		3) сәйкес келмейді	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <b><u>толық байланысқан;</u></b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 5 бөлімнен, қорытындыдан және ұсыныстардан, 12 қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұнын аша түсетін 38 кесте мен 13 сурет келтірілген. Жұмыстың жалпы көлемі компьютермен терілген 124 бет. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы толық логикалық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <b><u>сыниталдау бар;</u></b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа әдістер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып сыниталдау жасағаны жұмыста қолданған 179 әдебиеттерден белгілі.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <b><u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады, жұмыстың нәтижесі Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 11 ғылыми мақала, оның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарында 4, 1 мақала <i>Scopus</i> мәліметтер базасына кіретін басылымдарда, алыс шетелдік басылымдарда 1, халықаралық конференциялар жинақтарында 4 мақала, республикалық ғылыми-әдістемелік журналда 2 мақала жарияланған және 1 пайдалы модельге патент алынған (11.09.2022 ж. №7719). Диссертацияның ғылыми нәтижелері, ережелері, ұсынымдары мен қорытындылары Ғылыми жаңашылдық принципіне сәйкес.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <b><u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары мал азығы өндіріс саласы бойынша толығымен жаңа және нақты тәжірибелермен дәлелденген.
		5.3 Техникалық,	Техникалық, технологиялық,



		технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижесі бойынша қорытындылар келтіріліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <b><u>дәлелденді;</u></b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалдыма? 1) иә / 2) <b><u>жоқ</u></b> 7.3 Жаңама? 1) <b><u>иә</u></b> / 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар / 2) орташа / 3) <b><u>кең</u></b> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <b><u>иә</u></b> / 2) жоқ	Қорғауға шығарылатын ғылыми тұжырымдар: Таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде себілген біржылдық мал азықтық дақылдардың өнімділігіне себу және шабу мерзімдерінің әсері; Таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде себілген біржылдық мал азықтық дақылдардан алынған көк балауса мен пішенінің және олардан дайындалған түйіршіктелген мал азығының химиялық құрамы мен коректік құндылығы; Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында біржылдық мал азықтық дақылдарды таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде өсірудің және олардан түйіршіктелген мал азығын дайындаудың экономикалық және биоэнергетикалық тиімділігін бағалау. -зерттеу нәтижелерін еліміздің жоғарғы оқу орындарында «орман қорғау» пәндерінің оқу үрдісіне еңгізу жұмыстарында қағидат дәлелденген, жаңа. Қолдану деңгейі кең, әрі ауқымды екендігі ғылыми-зерттеулер нәтижелері бойынша 11 ғылыми мақала, оның ішінде ҚР Ғ және ЖБМ Ғылым және Жоғары Білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарында 4, 1 мақала <i>Scopus</i> мәліметтер базасына кіретін басылымдарда, алыс шетелдік басылымдарда 1, халықаралық конференциялар жинақтарында 4 мақала,



			республикалық ғылыми-әдістемелік журналда 2 мақала жарияланған және 1 пайдалы модельге патент алынған (11.09.2022 ж. №7719).
8.	Дәйектілік принципі Дерек көздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <b>ия;</b> 2) жоқ	Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкестендірілген. Диссертацияда әдістеменің таңдауы нақты негізделген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <b>ия;</b> 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <b>ия;</b> 2) жоқ	Қазақстанның құрғақ далалы аймағында дақылдарды өсірудің агротехникалық шаралары кешенінің (біржылдық мал азықтық дақылдардың түрлері, себу және шабу мерзімдері) және агрометеорологиялық жағдайлардың таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде себілген дақылдардың өсіп-дамуына, тіршілік кезеңдерінің ұзақтығына, дақылдардың өнім құрылым элементтерінің қалыптасуына және өнімнің деңгейіне әсері зерттелген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b>	Диссертация жазу барысында отандық және шет елдік 179 әдебиеттер көздері қолданылғандығы пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті екендігін растайды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия;</b> 2) жоқ	Зерттеулердің теоретикалық маңызы бар. Зерттеуден алынған мәліметтер біржылдық мал азықтық дақылдарын және олардың қоспаларының жетілдірілген өсіру технологиясының элементтерін



			басқа да аймақтарға қолдануға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия;</b> 2) <b>жоқ</b>	Мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарда жетілдірілген өсіру технологиясының элементтерін қолдана отырып, біржылдық дақылдарды және олардың қоспаларын өсіру арқылы қоректік құндылығы бойынша оңтайлы әр түрлі мал азығы түрлерін (көк балауса, пішен, түйіршіктелген мал азығы) алуға және олармен малдарды азықтандыруға мүмкіндігі бар екені «ПХ Зеренда» ЖШС шаруашылығында өндіріске енгізіліп дәлелденген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылды, зерттеулерден алынған ғылыми нәтижелер С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Агрономия» мамандығының «Мал азығы өндіру» пәні бойынша оқу үрдісіне енгізуге болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы: жоғары. Диссертация жүйелі, ғылыми тілде жазылған, бірақ, онда кейбір төмендегідей кемшіліктер мен ескертулерге тоқтала кету орынды: 1. Мәтінде орфографиялық және стилистикалық қателер кездеседі. Алайда, бұл кемшіліктер Курбанбаев А.И. диссертациясының мазмұнын, мәнін төмендетпейді.

**Шешім:** Комитет алдында 8D081 – «Өсімдік шаруашылығы» және 8D083 – «Орман шаруашылығы» бағыттарының 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша Курбанбаев Алмас Измуратовичке философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаймын.

Ресми рецензент:

PhD, Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университетінің Ғылым және коммерцияландыру департаментінің басшысы



Байдалин М.Е.

(қол қойылған күні): 02.06.2023 н.

М.Е.Байдалиннің қолын растаймын

Ғалым хатшы  Тлеубердина Г.Т.

